## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПРЕФЕРЕНЦИЯЛАРДЫ ҰСЫНУ СХЕМАСЫ




## 1-бөлім. Инвестициялық жобаларды, (соның ішінде инвестициялық басым жобаларды), арнайы инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған қызметтің басым түрлерінің тізбесі:

| Бөлім | Бөлімнің атауы (сұрып) |
|---|---|
| 01 | Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер көрсету(01.11, 01.12, 01.13, 01.14, 01.16, 01.19, 01.21, 01.22, 01.23, 01.24, 01.25, 01.26, 01.27, 01.29, 01.30, 01.41, 01.42, 01.43, 01.44, 01.45, 01.46, 01.47, 01.49, 01.64) |
| 03 | Балық шаруашылығы және акваөсіру (03.21, 03.22) |
| 10* | Тамақ өнімдерінің өндірісі (10.11, 10.12, 10.13, 10.20, 10.31, 10.32, 10.39, 10.41, 10.42, 10.51, 10.61, 10.62, 10.71, 10.72, 10.73, 10.81, 10.82, 10.83, 10.84, 10.85, 10.86, 10.89, 10.91, 10.92) |
| 11* | Сусындар өндіру (11.06, 11.07) |
| 13 | Тоқыма бұйымдарын өндіру (13.10, 13.20, 13.30, 13.91, 13.92, 13.93, 13.94, 13.95, 13.96, 13.99) |
| 14 | Киім өндіру (14.11, 14.12, 14.13, 14.14, 14.19, 14.20, 14.31, 14.39) |
| 15 | Былғары және оған жататын өнім өндіру (15.11, 15.12, 15.20) |
| 16 | Жиһаздардан басқа ағаштан және тоздан жасалған бұйымдарды өндіру; сабаннан және өруге арналған материалдардан жасалған бұйымдар өндіру (16.10, 16.21, 16.22, 16.23) |
| 17 | Қағаз және қағаздан жасалған өнімдер өндіру (17.11, 17.12, 17.21, 17.22, 17.23, 17.24, 17.29) |
| 19 | Кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру (19.10, 19.20) |
| 20 | Химия өнеркәсібі өнімдерінің өндірісі (20.11, 20.12, 20.13, 20.14, 20.15, 20.16, 20.17, 20.20, 20.30, 20.41, 20.42, 20.51, 20.52, 20.53, 20.59, 20.60) |
| 21 | Негізгі фармацевтикалық өнімдер өндіру (21.10, 21.20) |
| 22 | Резеңке және пластмасса бұйымдарының өндірісі (22.11, 22.19, 22.21, 22.22, 22.23, 22.29) |
| 23 | Өзге де металл емес минералдық өнімдер өндіру (23.11, 23.12, 23.13, 23.14, 23.19, 23.20, 23.31, 23.32, 23.41, 23.42, 23.43, 23.44, 23.49, 23.51, 23.52, 23.61, 23.62, 23.63, 23.64, 23.65, 23.69, 23.70, 23.91, 23.99) |
| 24 | Металлургия өндірісі (24.10, 24.20, 24.31, 24.32, 24.33, 24.34, 24.41, 24.42, 24.43, 24.44, 24.45, 24.46, 24.51, 24.52, 24.53, 24.54) |
| 25 | Машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл бұйымдарынының өндірісі (25.11, 25.12, 25.21, 25.29, 25.30, 25.40, 25.50, 25.61, 25.62, 25.71, 25.72, 25.73, 25.91, 25.92, 25.93, 25.94, 25.99) |
| 26 | Компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер өндіру (26.11, 26.12, 26.20, 26.30, 26.40, 26.51, 26.60, 26.70, 26.80) |
| 27 | Электр жабдықтарын өндіру (27.11, 27.12, 27.20, 27.31, 27.32, 27.33, 27.40, 27.51, 27.52, 27.90) |
| 28 | Басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндіру (28.11, 28.12, 28.13, 28.14, 28.15, 28.21, 28.22, 28.23, 28.24, 28.25, 28.29, 28.30, 28.41, 28.49, 28.91, 28.92, 28.93, 28.94, 28.95, 28.96, 28.99) |
| 29 | Автокөлік құралдарын, трейлерлер мен жартылай тіркемелер өндіру (29.10, 29.20, 29.31, 29.32) |
| 30 | Өзге де көлік құралдарын өндіру (30.11, 30.12, 30.20, 30.30, 30.40, 30.91, 30.92) |
| 31 | Жиһаз өндіру (31.01, 31.02, 31.03, 31.09) |
| 32 | Өзге де дайын бұйымдарды өндіру (32.50) |
| 33 | Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату (33.11, 33.12, 33.13, 33.14, 33.15, 33.16, 33.17, 33.19, 33.20) |
| 35 | Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау (35.11, 35.12, 35.13, 35.14, 35.21, 35.22, 35.23, 35.30) |
| 36 | Суды жинау, өңдеу және тарату (36.00) |
| 38 | Қалдықтарды жинау, өңдеу және жою; қалдықтарды кәдеге жарату (38.12, 38.21, 38.32) |
| 42 | Азаматтық құрылыс (42.11, 42.12, 42.13, 42.21, 42.22, 42.91, 42.99) |
| 49 | Құрлықтағы көлік қызметі және құбыржолдар бойынша тасымалдау (49.10, 49.20, 49.31, 49.39, 49.41, 49.50) |
| 50 | Су көлігі (50.10, 50.20, 50.30, 50.40) |
| 51 | Әуе көлігі (51.10, 51.21, 51.22) |
| 52 | Қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі (52.10, 52.21, 52.22, 52.23, 52.24, 52.29) |
| 55 | Уақытша тұру жөнінде қызметтер көрсету (55.10, 55.30, 55.90******) |
| 61 | Байланыс(61.20, 61.30) |
| 85 | Білім беру (85.10, 85.20, 85.31, 85.32, 85.41, 85.42) |
| 86 | Денсаулық сақтау саласындағы қызмет (86.10) |
| 91****** | Кітапханалардың, архивтердің, музейлердің қызметі және мәдениет саласындағы өзге де қызмет (91.02) |
| 93 | Спорт саласындағы және демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастырудағы қызмет (93.11, 93.29) |

## 2 бөлім. Инвестициялық басым жобаларды іске асыру үшін айқындалған қызметтің басым түрлерінің тізбесі

| Бөлім | Бөлімнің атауы (сұрып) |
|---|---|
| 05***** | Көмір өндіру (05.10.3) |
| 07**** | Металл кендерін өндіру ( 07.10.3) |
| 10* | Тамақ өнімдерінің өндірісі (10.11, 10.12, 10.13, 10.20, 10.31, 10.32, 10.39, 10.41, 10.42, 10.61, 10.62, 10.81, 10.82, 10.83, 10.85, 10.86) |
| 16 | Жиһаздардан басқа, ағаштан және тоздан жасалған бұйымдарды өндіру; сабаннан өруге арналған материалдан жасалған бұйымдар өндіру (16.21) |
| 19 | Кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру (19.10, 19.20) |
| 20 | Химия өнеркәсібі өнімдерін өндірісі (20.11, 20.12, 20.13, 20.14, 20.15, 20.16, 20.17, 20.20, 20.30, 20.41, 20.51, 20.59) |
| 21 | Негізгі фармацевтикалық өнімдер өндіру (21.10, 21.20) |
| 22 | Резеңке және пластмасса бұйымдарының өндірісі (22.11, 22.21, 22.23) |
| 23 | Өзге де металл емес минералдық өнімдер өндіру (23.11, 23.12, 23.13, 23.14, 23.19, 23.20, 23.31, 23.32, 23.42, 23.43, 23.49, 23.51, 23.52, 23.61, 23.62, 23.63, 23.64, 23.65, 23.69, 23.70, 23.99) |
| 24 | Металлургиялық өндірісі (24.10, 24.20, 24.31, 24.32, 24.33, 24.34, 24.41, 24.42, 24.43, 24.44, 24.45) |
| 25 | Машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл бұйымдарын өндіру (25.21, 25.29, 25.30) |
| 27 | Электр жабдықтарын өндіру (27.11, 27.12, 27.20, 27.31, 27.32, 27.33, 27.40, 27.90) |
| 28 | Басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндіру (28.11, 28.12, 28.13, 28.14, 28.25, 28.29, 28.30, 28.41, 28.49, 28.91, 28.92, 28.99) |
| 29 | Автокөлік құралдарын, трейлерлер мен жартылай тіркемелер өндіру (29.10, 29.20, 29.31, 29.32) |
| 30 | Өзге де көлік құралдарын өндіру (30.20) |
| 35 | Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау (35.11) |
| 49** | Құрлықтағы көлік қызметі және құбыржолдар бойынша тасымалдау (49.39) |
| 55** | Тұруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтер (55.10) |
| 56*** | Тамақ өнімдерін және сусындарды ұсыну жөнінде қызмет көрсету (56.10) |
| 86** | Денсаулық сақтау саласындағы қызмет (86.10.3) |
| 93** | Спорт саласындағы және демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастырудағы қызмет (93.29.9) |

**Ескертпе:**
* 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап ақ қант (СЭҚ ТН коды 170199) кедендік әкелу бажынан босатылмайды;
** 2019 жылғы қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген, ауылдық елді мекендерде, шағын қалаларда орналасқан;
*** 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген, республикалық, облыстық және жергілікті маңызы бар жолдың жол маңындағы жолағында орналасқан;
**** тек темір кені концентратын және (немесе) шекемтастарды өндіруге жатады;
***** бұл тек көмірді байытуға қатысты;
****** студенттерге, магистранттар мен докторанттарға арналған жатақханалар салу бойынша мемлекеттік заттай грант түрінде инвестициялық преференция алуға ғана қатысты;
******* мемлекеттік заттай грант түрінде инвестициялық преференция алуға ғана қатысты.

### НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІҢ ТІЗБЕСІ

- ✓ ҚР Кәсіпкерлік кодексі
- ✓ ҚР Салық кодексі
- ✓ ҚР Жер кодексі
- ✓ ҚР «Халықтың көші-қоны туралы» заңы
- ✓ ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» заңы
- ✓ «Инвестицияларды мемлекеттік қолдауды іске асырудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №13 қаулысы
- ✓ «Инвестициялық міндеттемелер туралы келісімді жасасу, оған өзгерістер енгізу, оның қолданысын тоқтату қағидаларын және инвестициялық міндеттемелер туралы келісімнің үлгілік нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 17 мамырдағы № 312 қаулысы
- ✓ «Инвестициялық преференциялар беруге өтінімді қабылдау, тіркеу және қарау қағидалары» ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1281 бұйрығы
- ✓ «Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №1133 бұйрығы
- ✓ «Инвестициялық салық кредитін алу үшін инвестициялық салық кредиті туралы келісім жасасу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 11-1-4/106 бұйрығы
- ✓ «Импорты инвестициялық келісімшарт шеңберінде қосылған құн салығынан босатылатын шикізаттың және (немесе) материалдардың тізбесін бекіту туралы» ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 140 бұйрығы

**БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ**
Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігінің
Инвестиция комитеті
Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы 55/21, С4.2 блогы
тел.: +7 (7172) 98-36-24, 98-36-25
call-center: +7 (7172) 620-620

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ИНВЕСТИЦИЯ КОМИТЕТІ**



# ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

АСТАНА, 2023 ЖЫЛ

# ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЕЛІСІМШАРТ

**Инвестициялық келісімшарт** бұл инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған шарт.

## Инвестициялық преференциялардың түрлері

**Инвестициялық жобаларға арналған:**

- Технологиялық жабдықтарды, оның жинақтаушы және қосалқы бөлшектерін, шикізаттарды және (немесе) материалдарды импорттау кезінде кедендік баж салығынан 5 жылға дейінгі мерзімге босату;
- 5 жыл мерзімге шикізат және (немесе) материалдар импортының қосылған құн салығын салудан босату;
- Мемлекеттік заттай грант.

*__Анықтама:__ Инвестициялық жоба мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру барысында құрылған, кеңейтілген және (немесе) жаңартылған өндірістерді қоса алғанда, жаңа өндірістерді құруға, қолданыстағы өндірістерді кеңейтуге және (немесе) жаңартуға арналған инвестицияларды көздейтін іс-шаралар кешенін білдіреді.*

**Инвестициялық басым жобаларға арналған:**

- Технологиялық жабдықтарды, оның жинақтаушы және қосалқы бөлшектерін, шикізаттарды және (немесе) материалдарды импорттау кезінде кедендік баж салығынан 5 жылға дейінгі мерзімге босату;
- Мемлекеттік заттай грант;
- Салықтар бойынша преференциялар:

  • жаңа өндірістерді құру бойынша – корпоративтік табыс салығы мен жер салығын 10 жылға, мүлік салығын 8 жылға төлеуден босату;

  • қолданыстағы өндірістерді кеңейту және (немесе) жаңарту бойынша – корпоративтік табыс салығын төлеуден 3 жылға босату.

- Квотасыз және рұқсат қағазсыз шетелдік жұмыс күшін тарту құқығы.

*__Анықтама:__ Инвестициялық басым жоба – инвестициялық жоба:*
*- заңды тұлғаның жаңа өндірістік объектілердің құрылысына инвестицияларды жүзеге асыруын көздейтін жаңа өндірістерді құру бойынша кемінде 2 млн АЕК мөлшерінде;*
*- заңды тұлғаның негізгі құралдарды өзгертуге, оның ішінде өнім шығаратын қолданыстағы өндірістік қуаттарды жаңартуға (жаңартуға, реконструкциялауға, жаңғыртуға) кемінде 5 млн АЕК мөлшерінде инвестицияларды жүзеге асыруын көздейтін қолданыстағы өндірістерді кеңейту және (немесе) жаңарту бойынша.*
*Тамақ және жеңіл өнеркәсіп салаларында инвестициялық қызметтің жаңа объектілерін құру кезінде заңды тұлға инвестицияларының мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және инвестициялық преференциялар беруге өтінім берілген күні қолданыста болатын кемінде 1 млн АЕК-ті құрауға тиіс;*
*Туристің басым туристік аумақтардағы қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті объектілерді құру кезінде заңды тұлғаның инвестицияларының мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және инвестициялық преференцияларды беруге өтінім берілген күні қолданыста болатын кемінде 200 мың АЕК құрайды*

.

## Инвестициялық преференцияларды алуға арналған құжаттар тізбесі

- Инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінім;
- Басшының қолы қойылған және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған заңды тұлға жарғысының көшірмесі.
- Инвестициялық жобаның бизнес-жоспары;
- Мемлекеттік заттай грантты бағалау туралы есеп және оны жергілікті атқарушы органның ұсынуын алдын ала келісу;
- Егер өтінімде шетелдік жұмыс күшін беру құқығы көзделген жағдайда, жұмыс беруші мен тартылатын шетелдік жұмыскердің арасында (қазақ немесе орыс тілдеріне аудармасымен) жасалған еңбек шартының, оның біліктілігін және (немесе) білімін растайтын құжаттардың (қазақ немесе орыс тілдеріне аудармасымен), тартылатын шетелдік қызметкердің паспортының немесе жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесі (қазақ немесе орыс тілдеріне аудармасымен);
- Басым туристік аумақтарда инвестициялық басым жоба іске асырылған жағдайда, сондай-ақ басым туристік аумақтарда инвестициялық басым жобаның іске асырылуын растайтын туристік қызмет саласындағы мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы органның хаты қоса беріледі;
- Егер инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінім салықтар бойынша преференцияларды беру көздеген жағдайда, инвестор Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басшының қолымен расталған құрылыс жобаларына жасалған ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысын ұсынады.

---

Инвестициялық преференцияларды алу шарттары ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 286 бабында көзделген

Инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінім Е-лицензиялау веб-порталында ұсынылады: Қаржы-инвестициялық келісімшарт жасасу.

# ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Инвестициялық міндеттемелер туралы келісім бұл Қазақстан Республикасының Үкіметі мен заңды тұлға арасында жасалатын, капиталдандырылатын кейінгі шығыстарды және (немесе) жаңа тіркелген активтерді сатып алуға, өндіруге, салуға арналған шығыстарды қаржыландыру жөніндегі, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және (немесе) Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес тіркелген активтердің құнын арттыратын басқа да шығындарды қаржыландыру жөніндегі заңды тұлғаның міндеттемелерін көздейтін шарт, осындай келісімді жасасуға өтінім берілген жылды қоса алғанда, сегіз жыл ішінде кемінде 75 млн АЕК мөлшерінде жиынтық сомада республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және оны жасасуға өтінім берілген жылдың 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің жетпіс бес миллион еселенген мөлшерінен кем болмайтын жиынтық мөлшердегі міндеттемелерін көздейтін шарт.

Инвестициялық міндеттемелер туралы Келісім шеңберінде Қазақстан Республикасы салық заңнамасының 10 жылға тұрақтылығына кепілдік беріледі.

**Инвестициялық міндеттемелер туралы келісім бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін ҚР заңды тұлғасымен жасалады:**

- көмірсутекті пайдалы қазбаларды өндіретін жер қойнауын пайдаланушылар мен мұнай өнімдерін өндірушілерді қоспағанда, тауар өндіруші болып табылады. Осы тараудың мақсаттары үшін тауар өндіруші деп инвестициялық міндеттемелер туралы келісім жасасуға өтінім берілген жылдың алдындағы жыл үшін жиынтық жылдық табысының кемінде жетпіс проценті өз өндірісінің тауарларын өткізуден не осындай адам өндірген пайдалы қазбаларды және (немесе) осындай адамның пайдалы қазбаларды қайта өңдеу нәтижесінде алынған өнімді өткізуден түсетін табысты құрайтын заңды тұлға түсініледі;
- Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес ірі немесе орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылады;
- акцизделетін тауарларды өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асырмайды;
- арнайы салық режимдерін қолданбайды.

# ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЛЫҚ КРЕДИТІ

Инвестициялық салық кредиті бұл корпоративті табыс салығы мен мүлік салығын төлеу мерзімі бойынша төлемдерді 100%-ға төмендету арқылы өзгерту, содан кейін 3 жылға дейінгі мерзімге кредит сомасын кезең-кезеңімен төлеу мүмкіндігі.

Инвестициялық салық кредиті инвестициялық басым жобаны және инвестициялар туралы келісімді қоспағанда, инвестициялық жобаны іске асыруға арналған қолданыстағы инвестициялық келісімшарт (инвестициялық қызмет объектісі пайдалануға берілгенге дейін) шеңберінде беріледі.

**Мынадай шарттардың біріне сәйкес келетін салық төлеушілердің инвестициялық салықтық кредитті қолдануға құқығы жоқ:**

- ҚР Салық кодексінің 20-бөлімінде көзделген арнаулы салық режимдерін қолданатын;
- спирттің, алкоголь өнімінің, темекі бұйымдарының барлық түрін өндіруді және (немесе) өткізуді жүзеге асыратын;
- салық төлеушілерге салық салу ҚР Салық кодексінің 21 және 23-бөлімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.